# Әскери қызметшілерді көлік құралдарын басқаруға даярлау, емтихандар қабылдау және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тиесілі көлік құралдарын басқару құқығын беретін әскери қызметшілердің жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 20 қарашадағы № 1625, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің 2025 жылғы 24 қарашадағы № 952, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2025 жылғы 22 қарашадағы № 107қе, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2025 жылғы 3 желтоқсандағы № 153, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығының 2025 жылғы 28 қарашадағы № 11-229 және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2025 жылғы 21 қарашадағы № 498 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 4 желтоқсанда № 37526 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 2-тармағының 16-5) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған Әскери қызметшілерді көлік құралдарын басқаруға даярлау, емтихандар қабылдау және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери әскери құралымдарына тиесілі көлік құралдарын басқару құқығын беретін әскери қызметшілердің жүргізуші куәліктерін беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Жауынгерлік даярлық департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау тиісті қызмет бағытына жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасарына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының орынбасарына,

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасарына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне және Қазақстан Республикасы Бас әскери прокурорының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі* | *Д. Қосанов* |
| *Қазақстан Республикасы ішкі істер министрі* | ________*Е. Саденов* |
| *Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы* | _______*Е. Сагимбаев* |
| *Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры* | _________*Б. Асылов* |
| *Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы* | _________*С. Исабеков* |
| *Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министрі* | __________*К. Турсынбаев* |
| *Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі* | _________*Д. Косанов* |

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2025 жылғы 24 қарашадағы
№ 952,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2025 жылғы 22 қарашадағы
№ 107қе,
Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2025 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 153,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік күзет қызметінің
Бастығы
2025 жылғы 28 қарашадағы
№ 11-229,
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар вице-министрі
2025 жылғы 21 қарашадағы
№ 498 мен
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2025 жылғы 20 қарашадағы
№ 1625 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

**Әскери қызметшілерді көлік құралдарын басқаруға даярлау, емтихандар қабылдау және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери**

**құралымдарына тиесілі көлік құралдарын басқару құқығын беретін әскери қызметшілердің жүргізуші куәліктерін беру қағидалары**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әскери қызметшілерді көлік құралдарын басқаруға даярлау, емтихандар қабылдау және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тиесілі көлік құралдарын басқару құқығын беретін әскери қызметшілердің жүргізуші куәліктерін беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 2-тармағының 16-5) тармақшасына сәйкес әзірленді және әскери қызметшілерді көлік құралын басқаруға даярлау, емтихан қабылдау және әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тиесілі көлік құралын (бұдан әрі – КҚ) басқару құқығын беретін әскери қызметшілердің жүргізуші куәлігін беру тәртібін айқындайды.

2. Әскери қызметшілерді КҚ-ны басқаруға даярлау осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "A", "B", "C", "D", "F", "CE", "DE" санаттары және "C1", "D1", "C1E", "D1E" кіші санаттары бойынша КҚ жүргізушілерді даярлаудың үлгілік бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

"A", "B", "C", "D", "CE", "DE" санаттары және "C1", "D1", "C1E", "D1E" кіші санаттары "Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабында айқындалған.

"F" санаты – рұқсат етілген массасы жиырма мың килограммнан асатын төрт осьті автомобиль.

3. Әскери қызметшілерді "A", "B", "C", "D", "F", "CE", "DE" санаттары және "C1", " D1", "C1E", "D1E" кіші санаттары бойынша КҚ-ны басқаруға даярлау медициналық қарап-тексеруден өткен және медициналық қарсы көрсеткіші жоқ адамдар қатарынан жүзеге асырылады.

## 2-тарау. Әскери қызметшілерді көлік құралын басқаруға даярлау тәртібі

4. Әскери қызметшілерді КҚ-ны басқаруға даярлау оқу орталықтарында ( мектептерде, бөлімдерде), әскери бөлімдерде және "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери-техникалық мектебі" РМҚК-да (бұдан әрі – оқу ұйымы) мынадай тақырыптық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады:

1) "Құрылымы мен техникалық қызмет көрсету";

2) "Жол жүрісі қағидалары";

3) "Көлік құралын басқару негіздері және жол жүру қауіпсіздігі";

4) "Жол-көлік оқиғасы (бұдан әрі – ЖКО) болғанда алғашқы көмек көрсету";

5) "Көлік құралын (тиісті санаттағы (кіші санаттағы) жүргізу".

Әскери қызметшілерді КҚ-ны басқаруға даярлау жөніндегі оқу топтарының саны отыз адамнан аспайтын әскери қызметшімен жасақталады.

5. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес оқу ұйымындағы кабинеттер (сыныптар) әскери қызметшілерді КҚ-ны басқаруға даярлау үшін кабинеттегі (сыныптағы) оқу жабдығының ең аз тізбесіне сәйкес жабдықталады.

6. Негізгі оқу нысаны теориялық және практикалық сабақ болып табылады.

Әрбір пән бойынша теориялық және практикалық сабақ күніне алты сағаттан аспайтын болып жоспарланады.

Бір күнде автокөлікті жүргізу бойынша бір оқып-үйренушімен:

1) автотренажерда – екі сағатқа дейін;

2) оқу автокөлігі – "Колоннада жүргізу" жаттығуын, сондай-ақ төрт сағат ішінде пысықталатын жүк жеткізумен байланысты жаттығуды қоспағанда, екі сағатқа дейін пысықтауға жол беріледі.

7. Теориялық және практикалық сабақ оқу сағатының ұзақтығы – қырық минут, ал автокөлікті жүргізу бойынша практикалық сабақ ұзақтығы – міндеттер қоюға, қорытындылауға, құжаттаманы ресімдеу мен оқып-үйренушілер ауысымына бөлінген уақытты қоса алғанда, бір сағат.

Практикалық сабақты үзіліссіз сексен минутқа дейін өткізуге жол беріледі. Жұмыс күніндегі оқу уақытының ұзақтығы алты сағаттан аспауға және демалыс алды күні төрт сағаттан аспауға тиіс.

8. Теориялық сабақты оқытушы, автокөліктің құрылымы мен оған техникалық қызмет көрсету бойынша практикалық сабақты оқытушы өндірістік оқыту шеберімен бірлесіп өткізеді, автокөлікті жүргізу бойынша практикалық сабақ өткізуге үйрету шебері әрбір үйренушімен жеке өткізеді.

Автокөліктің құрылымы мен оған техникалық қызмет көрсету және ЖКО болғанда зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету бойынша практикалық сабақ бір немесе бірнеше тақырып бойынша тиісті теориялық материал меңгерілгеннен кейін өткізіледі.

9. Автокөлікті іс жүзінде жүргізу басталғанға дейін әскери қызметшілер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының жол жүрісі қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33003 болып тіркелген) талаптарына сәйкес КҚ-ны пайдалануға рұқсат ету және лауазымды адамдар мен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жол жүрісіне қатысушылардың міндеттемесі бойынша негізгі ережелер бойынша даярлықтан өтеді.

10. Іс жүзінде көлік жүргізу сабағы әрбір әскери қызметшімен автотренажерда (бар болса), автоайлақта (оқу көлік жүрісі алаңында) және оқу маршруты бойынша жеке өткізіледі.

11. Іс жүзінде жүргізуге үйрету көлік жүргізуге үйрету жөніндегі шебердің жетекшілігімен Қазақстан Республикасының жол жүрісі қағидаларына сәйкес жабдықталған ақаусыз көлік құралында жүргізіледі.

12. Әскери қызметшінің әрбір пән бойынша даярлық деңгейін айқындау және оның білімін бағалау үшін қорытынды сабақ өткізіледі, оның нәтижесі бойынша әрбір әскери қызметшінің емтиханға дайын болуы, консультация тақырыбы, қосымша сабақ ауқымы айқындалады, сондай-ақ емтиханға өзіндік дайындалуға ұсынымдар беріледі.

13. КҚ-ны басқару тәсілдерін жеткілікті меңгермеген әскери қызметшілер үшін тиісті санаттағы көлік құралының жүргізушісін даярлаудың үлгілік бағдарламасында көзделген жаттығуларды толық ауқымда пысықтағаннан кейін қорытынды сабақ нәтижесі бойынша қосымша сабақ өткізіледі.

**3-тарау. Емтихан қабылдау тәртібі**

14. Әскери қызметшінің жүргізуші куәлігін алу үшін емтихан тапсыруға осы Қағидалардың 15-тармағында белгіленген жасқа толған, тиісті санаттағы (кіші санаттағы) көлік құралында жұмыс істеу және оны басқару өтілі бар, оқу ұйымында оқудан өткен және "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 073/у нысаны бойынша берілген КҚ-ны басқаруға рұқсат етілгені туралы медициналық анықтама (бұдан әрі – медициналық анықтама) берген әскери қызметшілер жіберіледі.

15. Мынадай:

"А", "В" санаттарындағы көлік құралын – он сегіз жасқа толған;

"С1", "D1" кіші санаттарындағы көлік құралын – он сегіз жасқа толған, "А" немесе " В" санаттарындағы не "А1" немесе "В1" кіші санаттарындағы көлік құралын басқару өтілі кемінде үш ай болатын;

"С" санатындағы көлік құралын – он сегіз жасқа толған, "В" санатындағы не "С1" немесе "D1" кіші санатындағы көлік құралын басқару өтілі кемінде алты ай болатын;

"D" санатындағы көлік құралын – жиырма жасқа толған, жүргізуші ретінде жұмыс өтілі кемінде бір жыл, оның ішінде "D1" немесе "С1" кіші санаттарындағы көлік құралын басқару өтілі кемінде алты ай болатын;

"Ғ" санатындағы көлік құралын – жиырма бір жасқа толған, жүргізуші ретінде жұмыс өтілі кемінде екі жыл, оның ішінде "В", "С" немесе "D" не "С1" немесе "D1" кіші санаттарындағы көлік құралын басқару өтілі кемінде бір жыл болатын;

"СЕ", "DE" санаттарындағы көлік құралының құрамын – тиісінше "С" немесе "D" санаттарындағы көлік құралын басқару өтілі кемінде алты ай болатын;

"C1E", "D1E" кіші санаттарындағы көлік құралының құрамын – тиісінше "C", "D" санаттарындағы не "C1", "D1" кіші санаттарындағы көлік құралын басқару өтілі кемінде алты ай болатын әскери қызметшілер басқаруға жіберіледі.

16. Бірінші кезекте теориялық емтихан, екінші кезекте – практикалық емтихан тапсырылады.

Теориялық емтиханды тапсырмаған әскери қызметші практикалық емтиханға жіберілмейді.

17. Теориялық емтиханмен қатар практикалық емтиханды қайта тапсыру алдыңғын тапсырған күннен бастап келесі жұмыс күніне тағайындалады.

Теориялық емтиханды тапсырудың екі нәтижесі теріс, келесі әрбір теориялық емтихан теріс нәтиже болғанда, кемінде жеті күнтізбелік күннен кейін өткізіледі.

Практикалық емтиханның екі нәтижесі теріс болса, келесі практикалық емтихан жеті күнтізбелік күннен ерте өткізілмейді.

Практикалық емтиханның үш нәтижесі теріс болса, теориялық емтиханды тапсыру нәтижесі жойылады (тапсыру саны жойылады). Әскери қызметші теориялық емтихан тапсыруға тек екі айдан кейін жіберіледі.

18. Теориялық және практикалық емтиханды емтихан комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) қабылдайды.

Комиссия құрамы мемлекеттік орган басшысының тиісті бағытқа жетекшілік ететін орынбасарының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия төраға – Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери полиция органының (бұдан әрі – ӘПО) өкілінен және үш мүшеден (ӘПО әскери қызметшілері мен оқу ұйымының өкілдері қатарынан) тұрады.

Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды және оқу ұыймының қызметкерлері қатарынан тағайындалады.

Комиссия құрамына ұлттық жүргізуші куәлігі бар (кемінде "B", "C" немесе "D" санатының біреуі бар) адамдар қосылады.

19. Теориялық емтихан:

1) алып жүрілетін металлізгешіпен;

2) жалпы қадағалау камерасымен жабдықталған емтихан тапсыратын сыныпта өткізіледі.

20. Тестілеу басталғанға дейін комиссияның бір құрамы әскери қызметшілерге нұсқау береді және туындаған сұрақтарға жауап береді.

Әскери қызметші өзін жайсыз сезінсе, теориялық емтихан басталғанға дейін ол туралы комиссия төрағасы хабардар етіледі. Бұл жағдайда осы әскери қызметшіден емтихан қабылдау сол күні басқа уақытта немесе кестеге сәйкес басқа күні өткізіледі.

Емтихан тапсыратын сыныпқа кіргізер алдында әскери қызметшілер электрондық қабылдау-беру құрылғысының болуына алып жүрілетін металлізгешіпен тексірістен өтеді.

Емтихан тапсыру тәртібінің тиісті түрде сақталуын бақылауды комиссия мүшелері және бейнебақылау жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

21. Емтихан тестісі 40 сұрақтан болады. Әрбір сұраққа бірнеше жауап берілген, оның біреуі дұрыс болады. Емтихан тестісін оқу ұйымы зерделенген тақырыптар бойынша әзірлейді.

Әскери қызметшінің қалауы бойынша теориялық емтиханды қазақ немесе орыс тілдерінде тапсыруға жол беріледі.

22. Әскери қызметшіге сұраққа жауап беру үшін 40 минут беріледі. Осы уақыт аяқталғаннан кейін емтихан тоқтатылады.

Комиссия хатшысы уақыт хронометражын теориялық емтихан басталған сәттен бастап жүргізеді.

23. Әскери қызметші билеттегі сұрақтарға жауап беру реттілігін дербес таңдайды.

24. Әскери қызметшіге басқа әскери қызметшілермен сөйлесуге, материалмен алмасуға, қағаз, электрондық жеткізгіштегі ақпаратты қолдануға, емтихан тапсыратын сыныптан шығуға, сондай-ақ оған электрондық қабылдау-тарату құрылғысын (оның ішінде ұялы телефонды) алып кіруге жол берілмейді.

25. Әскери қызметшінің теориялық емтихан нәтижесі осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес емтихан парағын және емтихан нәтижесінің хаттамасын басып шығару үшін енгізіледі.

26. Әскери қызметші өзіне бөлінген уақытта кемінде 32 сұраққа дұрыс жауап берсе, "Тапсырды" деген баға қойылады.

Әскери қызметші өзіне бөлінген уақытта дұрыс жауап саны 32 сұрақтан аз болса, " Тапсырған жоқ" деген баға қойылады.

Сұраққа жауаптың болмауы қате деп саналады.

27. Егер теориялық емтихан барысында әскери қызметші материалмен алмасса, емтихан тапсыратын сыныптан шығып кетсе, қағаздағы, электрондық жеткізгіштегі ақпаратты, сондай-ақ электрондық қабылдау-тарату құрылғысын қолданса, емтихан қабылдау тоқтатылады, әскери қызметшіге "Тапсырған жоқ" деген баға қойылады, әскери қызметші теориялық емтиханды қайта тапсыруға келесі күні жіберіледі.

28. Практикалық емтиханды комиссия оқу ұйымының автоайлағында қабылдайды. Автоайлақтың негізгі элементтері осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес көрсетілген.

29. Практикалық емтиханды оқу ұйымының көлік құралында, әскери қызметшінің басқару құқығына жүргізуші куәлігі берілетін санаттағы ұлттық жүргізуші куәлігі бар комиссия мүшесі қабылдайды.

30. Практикалық емтиханды өткізу кезінде әскери қызметшінің:

1) басқару органын, артқы көрініс айнасын, қауіпсіздік белдігін (бар болса) қолдану ;

2) қозғалысты бастау;

3) алдыңғы және артқы жүріспен шектеулі кеңістікте маневр жасау;

4) маневр жасаудың оңтайлы траекториясын түзу;
5) арақашықтықты, аралықты, габариттік параметрді бағалау;
6) берілісті ауыстырып қосу (автоматты трансмиссиясы бар КҚ-дан басқа);
7) белгіленген жерде тоқтау;
8) көтерілетін жерде тоқтау және қозғалысты бастау;
9) жүру бөлігінің шетіне параллель тұраққа қою;
10) артқа жүріп боксқа кіру;
11) жаяу жүргіншілер өтпесінен, реттелетін жол қиылысынан өту;
12) реттелмейтін теміржол өтпесінен өту;
13) авариялық дабылдаманы қолдану;
14) мотоциклдің жолтабан тақтасында қозғалуы;
15) мотоциклді төмен жылдамдықпен басқару;
16) автопойыздың артқа жүріп түзу сызықты қозғалысы;
17) автопойызды платформаға артқы жағымен қою бойынша КҚ-ны басқарудың тиісті машығы мен дағдысы тексеріледі.

31. Сынақ жаттығуын орындау кезінде:
1) КҚ дөңгелегінің таңба сызығын (жаттығудың орындалуын белгілеу сызығын, жаттығуды орындауды бастау және аяқтау сызығын, "Сөре", "Тоқта", "Мәре" сызығын, тоқтау сызығын, бақылау сызығын) кесіп өтуі;
2) белгіленген жерде көлік құралын тоқтату;
3) көлік құралы механикалық трансмиссиясының берілісін ауыстырып қосу;
4) қозғалыс жылдамдығы;
5) бұрылу сигналын және авариялық жарық дабылдамасын қосу/сөндіру;
6) қауіпсіздік белдігін дұрыс қолдану (бар болса);
7) орындау уақыты (әрбір сынақ жаттығуын жеке және жалпы барлық кешенді) ескеріледі.

32. Практикалық емтихан сынақ жаттығуын жүйелі орындау арқылы өткізіледі. Тиісті санаттағы КҚ үшін көзделген сынақ жаттығуын орындау жүйелілігі автоайлақта жол жүрісін ұйымдастыру схемасында айқындалады. Практикалық емтихан нәтижесі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес емтихан парағына тіркеледі.

33. Сынақ жаттығуын орындауды бастар алдында КҚ сөре алдындағы аймаққа қойылады, қозғалтқыш қыздырылған әрі өшірілген, орталық тұғырық пен бүйірдегі тіреуіштен алынған (трицикл мен квадроциклден басқа), тұрақ тежегіші қосулы, механикалық берілісті ауыстырып қосу қорабының иінтірегі бейтарап қалыпта ( автоматты трансмиссия үшін трансмиссия режимін басқару органы "Р" қалпында болады).

34. Әскери қызметшіні сынақ жаттығуын орындауды бастау алдында КҚ-ға отырғызуды және сынақ жаттығуын орындағаннан кейін одан түсіруді комиссия мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

35. Практикалық емтихан уақытында автоайлақ аумағында практикалық емтиханды қабылдау үшін қолданылатыннан басқа, көлік құралының және практикалық емтиханды қабылдаумен тікелей айналысатын адамдардан басқа, жаяу жүргіншілердің жүруіне жол берілмейді.

36. Комиссия төрағасы әскери қызметшінің жеке басын салыстырып тексереді, оны практикалық емтиханды өткізу тәртібімен және оның нәтижесін бағалау жүйесімен таныстырады.

37. Әскери қызметші осы Қағидаларға 7-қосымшада көрсетілген тізбенің 1, 3 және 5 -тармақ талаптарына сәйкес сынақ жаттығуының тиісті кешенін орындайды.

38. Әрбір сынақ жаттығуы, сондай-ақ жалпы барлық сынақ жаттығуы кешені үшін қателіктер тізбесі айқындалған, оған жол бергені үшін әскери қызметшіге осы Қағидалардың 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес бақылау кестесінде көзделген айыппұл балы қойылады.

39. Егер әскери қызметші белгіленген уақытта кешенде көзделген барлық сынақ жаттығуын орындаса, бұл ретте 99 және одан аз айыппұл балын жинаса, емтихан үшін "Тапсырды" деген баға қойылады.

40. Егер әскери қызметшінің айыппұл балы 99-дан асса, емтихан үшін "Тапсырған жоқ" деген баға қойылады, бұл ретте емтихан тоқтатылады, ол туралы әскери қызметші хабардар етіледі.

41. Комиссияның әрбір мүшесі осы Қағидаларға 8, 9 және 10-қосымшалардың талаптарына сәйкес басқадан бөлек әскери қызметшінің практикалық емтиханнан өту нәтижесін бағалайды.

Практикалық емтихан қорытындысы бойынша комиссия хатшысы комиссия мүшелері қойған айыппұл балын есептейді, жалпы орташа балды және осы Қағидаларға 39 немесе 40-тармақтарына сәйкес емтихан тапсыру нәтижесі бойынша баға шығарады.

Әскери қызметшінің комиссия мүшелері қойған айыппұл балы, сондай-ақ жалпы орташа балы және емтихан тапсыру нәтижесі бойынша алған бағасы емтихан нәтижесінің хаттамасында және емтихан парағында көрсетіледі.

42. Практикалық емтихан аяқталғаннан кейін қорытынды бағасы қойылған емтихан парағы басып шығарылады.

43. Теориялық және практикалық емтихан нәтижесі теориялық және практикалық емтихан тапсырудың емтихан парағымен, сондай-ақ емтихан нәтижесінің хаттамасымен ресімделеді.

## 4-тарау. Әскери қызметшілердің жүргізуші куәлігін беру тәртібі

44. Әскери қызметшінің жүргізуші куәлігін алу үшін әскери бөлім командирі ӘПО-ға мынадай құжаттарды береді:

1) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес өтінім;

2) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесін (жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін) ;

3) қызмет орнынан анықтама (белгіленген нысанда);

4) медициналық анықтама (№ 073/у нысаны);

5) ұлттық жүргізуші куәлігінің көшірмесі (болған кезде);

6) емтихан нәтижесі хаттамасының көшірмесі;

7) 3х4 фотосурет – 2 дана.

45. Құжаттар ӘПО-ға түскеннен кейін ӘПО-ның уәкілетті лауазымды адамы үш жұмыс күні ішінде:

1) берілген құжаттардың және (немесе) онда қамтылған деректердің (мәліметтердің) толық және дұрыс болуын;

2) уақтылы орындалмаған айыппұл түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының және (немесе) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы айыппұл төлеу қажеттілігі туралы нұсқаманың, заңды күшіне енген әскери қызметшіге жүргізуші куәлігін беруге уақытша тыйым салу не оған бұдан бұрын берілген ұлттық жүргізуші куәлігінің қолданысын тоқтата тұру немесе оны көлік құралын басқару құқығынан айыру туралы сот шешімінің, мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық ресурсы арқылы медициналық қарсы көрсеткіштің болуы туралы мәліметтерді тексереді.

46. Жалған құжат жасау не мәліметтер беру фактісі анықталғанда ақпарат дереу тиісті қылмыстық қудалау органына беріледі.

47. Берілген құжаттар қаралғаннан кейін ӘПО-ның уәкілетті лауазымды адамы үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери қызметшінің жүргізуші куәлігін дайындауды жүзеге асырады.

48. Егер әскери қызметші әскери қызметшінің жүргізуші куәлігін алғаш рет алса, оны дайындау кезінде оған емтихан нәтижесінің хаттамасында көрсетілген, тек рұқсат етілген санат бойынша ақпарат енгізіледі.

49. Әскери қызметшілердің жүргізуші куәлігін беру алдында әскери қызметшілер ішкі істер органының және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық ресурсы арқылы тексеріледі.

50. Берілген құжаттар қаралғаннан кейін (5 жұмыс күні ішінде) уәкілетті лауазымды адам осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес әскери қызметшілердің жүргізуші куәлігін тіркеу журналында жазба жасайды, одан кейін әскери қызметшіге қолын қойғызып әскери қызметшінің жүргізуші куәлігін береді. Бұл ретте мерзімді қызметтегі әскери қызметшінің әскери билетіндегі ерекше белгілер бөлімінде берілген әскери қызметшінің жүргізуші куәлігі туралы жазба (бланктің сериялық нөмірі, рұқсат етілген санат, берілген күн, ӘПО берген құжат, мөрмен расталған уәкілетті лауазымды адамның қолы) жасалады.

51. Әскери қызметшілердің жүргізуші куәлігінің бланкісін дайындауды ӘПО жүзеге асырады.

Әскери қызметшілерді көлік
құралдарын басқаруға даярлау,
емтихандар қабылдау және
Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріне, басқа
да әскерлері мен әскери
құралымдарына тиесілі көлік
құралдарын басқару құқығын
беретін әскери қызметшілердің
жүргізуші куәліктерін
беру қағидаларына
1-қосымша

## Көлік құралының жүргізушілерін даярлаудың үлгілік бағдарламасы

## "А" санатындағы көлік құралын жүргізушілерді даярлау бағдарламасы

Оқу жоспары

| Р/с № | Пән | Сағат саны | | |
|---|---|---|---|---|
| | | барлығы | оның ішінде | |
| | | | теориялық | практикалық |
| 1 | Құрылымы және техникалық қызмет көрсету | 8 | 7 | 1 |
| 2 | Жол жүрісі қағидалары | 16 | 10 | 6 |
| 3 | Көлік құралын басқару негіздері және жүру қауіпсіздігі | 40 | 40 | - |
| 4 | ЖКО болғанда зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету. Практикалық | 16 | 8 | 8 |
| | ЖИЫНЫ: | 80 | 65 | 15 |
| | Консультация | 10 | 10 | - |
| | Емтихан: | | | |
| 1 | Құрылымы және техникалық қызмет көрсету | 2 | 2 | |
| 2 | Жол жүрісі қағидалары. Көлік құралын басқару негіздері және жүру қауіпсіздігі | 6 | 6 | |
| 3 | Мотоцикл жүргізу* | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Сынақ: | | | |
| 1 | "Алғашқы медициналық көмек көрсету" | 2 | 2 | |
| | БАРЛЫҒЫ: | 100 | 85 | 15 |
| | Көлік жүргізу ** | 20 | | |

*Көлік жүргізу бойынша емтихан оқу ұйымында көлік жүргізуге бөлінген сағат есебінен өткізіледі.

**Көлік жүргізу оқу уақыты кестесінен тыс тиісті санаттағы көлік құралында өткізіледі.

Тақырыптық жоспар және "Құрылымы және техникалық қызмет көрсету" пәнінің бағдарламасы

| Р/с № | Бөлім мен сабақ тақырыбының атауы | Сағат саны |
|---|---|---|
| 1 | Мотокөлік құралының жіктелуі және жалпы құрылымы | 1 |
| 1-бөлім. Қозғалтқыш | | |
| 2 | Жалпы қозғалтқыш құрылымы мен жұмысы<br>Қозғалтқышты майлау және салқындату жүйесі | 1 |
| 3 | Отын және жағармай қоспасы. Қуат беру жүйесі<br>Қозғалтқыш механизмі мен жүйесіне қызмет көрсету | 1 |
| 2-бөлім. Электр жабдығы | | |
| 4 | Ток көзі. Оталдыру жүйесі | 1 |
| 5 | Жарық беру және дабылдама құралы. Электр жабдығына қызмет көрсету | 1 |
| 3-бөлім. Трансмиссия | | |
| 6 | Трансмиссия құрылымы мен жұмысы<br>Трансмиссияға қызмет көрсету | 1 |
| 4-бөлім. Негізгі жүйе. Жүріс бөлігі. Басқару органы | | |
| 7 | Мотоцикл рамасының, жанындағы тіркеме рамасы мен шанағының құрылымы. Жүріс бөлігінің құрылымы мен жұмысы | 1 |
| 8 | Басқару органының құрылымы мен жұмысы | 1 |
| 9 | Негізгі жүйеге, жүріс бөлігіне және басқару органына қызмет көрсету* | 2 |

| | | |
|---|---|---|
| | Мотоциклді қыста, жазда және жүргізіп сынау кезеңінде пайдалану ерекшелігі | |
| | БАРЛЫҒЫ: | 10 |

*Тақырыпты пысықтау практикалық сабақта жүргізіледі.

Тақырыптық жоспар және "Жол жүрісі қағидалары" пәнінің бағдарламасы

| Р/с № | Бөлім мен сабақ тақырыбының атауы | Сағат саны | | |
|---|---|---|---|---|
| | | барлығы | оның ішінде | |
| | | | теориялық | практикалық |
| 1-бөлім. Жол жүрісі қағидалары | | | | |
| 1 | Жалпы ережелер. Негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың міндеттері | 1 | 1 | |
| 2 | Жол белгілері | 1 | 1 | |
| 3 | Жол таңбасы және оның сипаттамасы | 1 | 1 | |
| | 1 – 3-тақырып бойынша практикалық сабақ | 2 | | 2 |
| 4 | Жүру тәртібі. Көлік құралының аялдауы және тұрағы | 0,5 | 0,5 | |
| 5 | Жол жүрісін реттеу | 0,5 | 0,5 | |
| | 4 – 5-тақырып бойынша практикалық сабақ | 2 | | 2 |
| 6 | Жол қиылысынан өту | 1 | 1 | |
| 7 | Жаяу жүргіншілер өтпесінен, маршруттық көлік құралының аялдамасынан және теміржол өтпесінен өту | 1 | 1 | |
| | 6 – 7-тақырып бойынша практикалық сабақ | 2 | | 2 |
| 8 | Жүрудің ерекше жағдайы | 0,5 | 0,5 | - |
| 9 | Адамдарды және жүкті жеткізу | 0,5 | 0,5 | - |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | Көлік құралының техникалық жай-күйі мен жабдығы | 1 | 1 | |
| 11 | Нөмірлік, айырым белгілері, ескерту құрылғысы, жазбалар мен белгілер | 1 | 1 | |
| 2-бөлім. Жүргізушінің құқықтық жауаптылығы | | | | |
| 12 | Әкімшілік, қылмыстық және азаматтық жауаптылық. Жүргізуші мен көлік құралын сақтандыру | 1 | 1 | - |
| | БАРЛЫҒЫ: | 16 | 10 | 6 |

Тақырыптық жоспар және "Көлік құралын басқару негіздері және жүру қауіпсіздігі" пәнінің бағдарламасы

| Р/с № | Тақырып атауы | Сағат саны |
|---|---|---|
| 1 | Көлік құралын басқару техникасы | 4 |
| 2 | Жол жүрісі. Оның тиімділігі мен қауіпсіздігі | 4 |
| 3 | Жүргізушінің кәсіби сенімділігі | 4 |
| 4 | Жүргізушінің психофизиологиялық және психикалық қасиеті | 2 |
| 5 | Көлік құралының пайдалану көрсеткіші | 2 |
| 6 | Жүргізушінің штаттық және штаттан тыс (қатерлі) қозғалу режимінде әрекет етуі | 12 |
| 7 | Жол жағдайы және жүру қауіпсіздігі | 6 |
| 8 | Жол-көлік оқиғасы | 6 |
| | БАРЛЫҒЫ: | 40 |

Тақырыптық жоспар және "Алғашқы медициналық көмек көрсету" пәнінің бағдарламасы

| Р/с № | Сабақ тақырыбының атауы | Сағат саны | | |
|---|---|---|---|---|
| | | барлығы | оның ішінде | |
| | | | теориялық | практикалық |
| 1 | Адам анатомиясының және физиологиясының негіздері | 1 | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | Жол-көлік жарақаттануының құрылымы. ЖКО болғанда анағұрлым көп болатын зақым және оны диагностикалау тәсілі | 1 | 1 | |
| 3 | Механикалық және термиялық зақымдану болғанда өмірге қауіп төну жағдайы | 1 | 1 | |
| 4 | Авария кезіндегі психикалық реакция. Ауыр психоз. Зардап шеккендерге адекватты әрекет етпеу жағдайында көмек көрсету ерекшелігі | 1 | 1 | |
| 5 | Термиялық зақымдану | 1 | 1 | |
| 6 | Жол-көлік оқиғасы болғанда зардап шеккендерге көмек көрсетудің ұйымдық-құқықтық аспектісі | 1 | 1 | |
| 7 | Өмірге қауіп төнетін ауыр терапиялық жағдай | 2 | 2 | |
| 8 | ЖКО болғанда зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде жүрек-өкпе реанимациясы, асфиксияны болдырмау | 2 | | 2 |
| 9 | Сыртқы қан кетуді тоқтату | 1 | | 1 |
| 10 | Көліктік иммобилизация | 2 | | 2 |
| 11 | Зардап шеккендерді босату, машинадан шығару әдісі; оларды жеткізу, көлікке отырғызу | 1 | | 1 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 12 | Жараны тазалау, десмургия | 1 | | 1 |
| 13 | Ж е к е дәріқобдишаны пайдалану | 1 | | 1 |
| | БАРЛЫҒЫ: | 16 | 8 | 8 |

Тақырыптық жоспар және "Мотоцикл жүргізу" бағдарламасы

| Р/с № | Тақырып атауы | Сағат саны |
|---|---|---|
| 1 | Бастапқы үйрету | 7 |
| 2 | Шектеулі өтетін жолда көлік жүргізу | 10 |
| 3 | Жолда көлік жүргізу | 2 |
| | Емтихан | 1 |
| | БАРЛЫҒЫ: | 20 |

## "B" санатындағы көлік құралын жүргізушілерді даярлау бағдарламасы

Оқу жоспары

| Р/с № | Пән | Сағат саны | | |
|---|---|---|---|---|
| | | барлығы | оның ішінде | |
| | | | теориялық | практикалық |
| 1 | Құрылымы және техникалық қызмет көрсету | 10 | 8 | 2 |
| 2 | Жол жүрісі қағидалары | 16 | 10 | 6 |
| 3 | Көлік құралын басқару негіздері және жүру қауіпсіздігі | 44 | 44 | |
| 4 | А л ғ а ш қ ы медициналық көмек көрсету | 8 | 3 | 5 |
| | ЖИЫНЫ | 78 | 65 | 13 |
| | Консультация | 12 | 12 | - |
| | Емтихан: | | | |
| 1 | Құрылымы және техникалық қызмет көрсету | 2 | 2 | |
| 2 | Жол жүрісі қағидалары. Көлік құралын басқару негіздері және жүру қауіпсіздігі | 6 | 6 | |
| 3 | Автокөлікті жүргізу * | | | |
| | Сынақ: | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Алғашқы медициналық көмек көрсету | 2 | 2 | |
| | БАРЛЫҒЫ: | 100 | 87 | 13 |
| | Автокөлікті жүргізу * * | 20 | | |

*Автокөлікті жүргізу бойынша емтихан автокөлікті жүргізуге бөлінген сағат есебінен өткізіледі.

** Көлік жүргізу оқу уақытының кестесінен тыс 20 сағат ауқымында, оның ішінде 6 сағат автотренажерда өткізіледі. Автотренажер болмағанда – 20 сағат автокөлікте өткізіледі.

Тақырыптық жоспар және "Құрылымы және техникалық қызмет көрсету" пәнінің бағдарламасы

| Р/с № | Бөлім мен тақырып атауы | Сағат саны |
|---|---|---|
| 1 | Кіріспе. Жеңіл автокөліктің жалпы құрылымы | 0,5 |
| 1-бөлім. Қозғалтқыш | | |
| 2 | Қозғалтқыштың жалпы құрылымы мен жұмысы<br>Салқындату жүйесі | 0,5 |
| 3 | Майлау жүйесі<br>Қуат беру жүйесі | 1 |
| 2-бөлім. Электр жабдығы | | |
| 4 | Электр энергия көзі және оны тұтынушы | 1 |
| 5 | Қозғалтқышты оталдыру жүйесі | 1 |
| 3-бөлім. Трансмиссия | | |
| 6 | Трансмиссияның жалпы құрылымы және арналуы<br>Ілініс | 1 |
| 4-бөлім. Негізгі жүйе | | |
| 7 | Алдыңғы және артқы аспа | 1 |
| 5-бөлім. Автокөлікті басқару жүйесі | | |
| 8 | Тежегіш жүйесі | 1 |
| 9 | Рульдік басқару жүйесі | 1 |
| 6-бөлім. Техникалық қызмет көрсету негіздері | | |
| 10 | Автокөлікке техникалық қызмет көрсету жұмысын орындау түрі, кезеңділігі мен тәртібі | 1 |
| 11 | Пайдаланудағы ұсақ ақаулық белгілері, оны жою* | 1 |
| | ЖИЫНЫ: | 10 |

*Бұл тақырып практикалық сабақта оқу-жаттығу автомобилінде зерделенеді.

Тақырыптық жоспар және "Жол жүрісі қағидалары" пәнінің бағдарламасы

| Р/с № | Бөлім және сабақ тақырыбының атауы | Сағат саны | | |
|---|---|---|---|---|
| | | барлығы | оның ішінде | |
| | | | теориялық | практикалық |
| 1-бөлім. Жол жүрісі қағидалары | | | | |
| 1 | Негізгі ережелер. Негізгі ұғымдар және терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың міндеттері | 1 | 1 | |
| 2 | Жол белгілері | 1 | 1 | |
| 3 | Жол таңбасы және оның сипаттамасы | 1 | 1 | |
| | 1 – 3-тақырып бойынша практикалық сабақ | 2 | | 2 |
| 4 | Жүру тәртібі. Көлік құралының аялдауы және тұрағы | 0,5 | 0,5 | |
| 5 | Жол жүрісін реттеу | 0,5 | 0,5 | |
| | 4 – 5-тақырып бойынша практикалық сабақ | 2 | | 2 |
| 6 | Жол қиылысынан өту | 1 | 1 | |
| 7 | Жаяу жүргіншілер өтпесінен, маршруттық көлік құралының аялдамасынан және теміржол өтпесінен өту | 1 | 1 | |
| | 6 – 7-тақырып бойынша практикалық сабақ | 2 | | 2 |
| 8 | Жүрудің ерекше жағдайы | 0,5 | 0,5 | |
| 9 | Адамдарды және жүкті жеткізу | 0,5 | 0,5 | |
| 10 | Көлік құралының техникалық жай-күйі мен жабдығы | 1 | 1 | |
| 11 | Нөмірлік, айырым белгілері, ескерту | | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | құрылғысы, жазбалар мен белгілер | 1 | | |
| 2-бөлім. Жүргізушінің құқықтық жауаптылығы | | | | |
| 12 | Әкімшілік, қылмыстық және азаматтық жауаптылық. Жүргізушіні және көлік құралын сақтандыру | 1 | 1 | - |
| | БАРЛЫҒЫ: | 16 | 10 | 6 |

## Тақырыптық жоспар және "Көлік құралын басқару негіздері және жүру қауіпсіздігі"

| Р/с № | Тақырып атауы | Сағат саны |
|---|---|---|
| 1 | Көлік құралын басқару техникасы | 8 |
| 2 | Жол жүрісі. Оның тиімділігі мен қауіпсіздігі | 6 |
| 3 | Жүргізушінің кәсіби сенімділігі | 4 |
| 4 | Жүргізушінің психофизиологиялық және психикалық қасиеті | 2 |
| 5 | Көлік құралының пайдалану көрсеткіші | 6 |
| 6 | Жүргізушінің штаттық және штаттан тыс (қатерлі) қозғалу режимінде әрекет етуі | 12 |
| 7 | Жол жағдайы және жүру қауіпсіздігі | 4 |
| 8 | Жол-көлік оқиғасы | 2 |
| | БАРЛЫҒЫ: | 44 |

## Тақырыптық жоспар және "Алғашқы медициналық көмек көрсету" тақырыбының бағдарламасы

| Р/с № | Сабақ тақырыбының атауы | Сағат саны | | |
|---|---|---|---|---|
| | | барлығы | оның ішінде | |
| | | | теориялық | практикалық |
| 1 | Адам анатомиясы мен физиологиясы негіздері. Жол-көлік жарақаттануының құрылымы. ЖКО болғанда анағұрлым жиі болатын зақымдану және оны диагностикалау тәсілі | 0,5 | 0,5 | |
| | Механикалық және термиялық зақымдану кезіндегі | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | өмірге қатер төндіретін жағдай | 0,5 | 0,5 | |
| 3 | Авария кезіндегі психикалық реакция. Ауыр психоз. Зардап шеккендерге адекватты емес жағдайда көмек көрсету ерекшелігі | 1 | 1 | |
| 4 | Термиялық зақымдану | 0,5 | 0,5 | |
| 5 | Жол-көлік оқиғасы болғанда зардап шеккендерге көмек көрсетудің ұйымдық-құқықтық аспектісі | 0,5 | 0,5 | |
| 6 | Өмірге қатер төндіретін ауыр терапиялық жағдай. Жүрек-өкпе реанимациясы, ЖКО болғанда зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде асфиксияны болдырмау | 1 | | 1 |
| 7 | Сыртқы қан кетуді тоқтату | 0,5 | | 0,5 |
| 8 | Көліктік иммобилизация | 1 | | 1 |
| 9 | Зардап шеккендерді босату, машинадан шығару әдісі; оларды жеткізу, көлікке отырғызу | 0,5 | | 0,5 |
| 10 | Жарақатты тазалау, десмургия | 1 | | 1 |
| 11 | Жеке дәріқобдишаны пайдалану | 1 | | 1 |
| | БАРЛЫҒЫ: | 8 | 3 | 5 |

## Тақырыптық жоспар және "Автокөлікті жүргізу" бағдарламасы

| Р/с № | Бөлім мен сабақ тақырыбының атауы | Сағат саны |
|---|---|---|
| 1-бөлім. Бастапқы оқытып-үйрету | | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көлікке отырғызу. Басқару органымен және дабылдама аспабымен әрекет ету тәсілдері | 1 |
| 2 | Автокөлікті басқару тәсілдері | 2 |
| 3 | Берілісті ауыстырып қозғалу | 2 |
| 4 | Жоғарылау және төмендеу тәртібінде берілісті ауыстырып қозғалу | 2 |
| 5 | Бағытты өзгертіп қозғалу | 2 |
| | ЖИЫНЫ: | 9 |
| 2-бөлім. Шектеулі өтетін жолда көлік жүргізу | | |
| 6 | "Белгіленген жерде" тоқтау, бұрылу | 1 |
| 7 | Шектеулі өтетін жолда маневр жасау | 1 |
| 8 | Күрделі маневр жасау | 1 |
| | ЖИЫНЫ: | 3 |
| | № 1 бақылау сабағы | 0,5 |
| 3- тарау. Оқу-жаттығу маршруты бойынша көлік жүргізу | | |
| 9 | Қарқындылығы төмен маршрут бойынша көлік жүргізу | 1 |
| 10 | Қарқындылығы жоғары маршрут бойынша көлік жүргізу | 1 |
| | ЖИЫНЫ: | 2 |
| | № 2 бақылау сабағы | 1 |
| 4- тарау. Автокөлікті басқару дағдысын жетілдіру | | |
| 11 | Әртүрлі жол жағдайында автокөлікті жүргізу дағдысын жетілдіру | 2 |
| | Сынақ | 2,5 |
| | БАРЛЫҒЫ: | 20 |

## "C" санатындағы және "C1" кіші санатындағы көлік құралын жүргізушілерді даярлау бойынша бағдарлама

Оқу жоспары

| Р/с № | Пән | Сағат саны | | |
|---|---|---|---|---|
| | | барлығы | Оның ішінде | |
| | | | теориялық | практикалық |
| 1 | Құрылғы және техникалық қызмет көрсету | 10 | 8 | 2 |
| 2 | Жол жүрісі қағидалары | 16 | 10 | 6 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Көлік құралын басқару негіздері және жүру қауіпсіздігі | 44 | 44 | |
| 4 | Алғашқы медициналық көмек көрсету | 8 | 3 | 5 |
| | ЖИЫНЫ | 78 | 65 | 13 |
| | Консультация | 12 | 12 | |
| | Емтихан: | | | |
| 1 | Құрылғы және техникалық қызмет көрсету | 2 | 2 | |
| 2 | Көлік құралын басқару негіздері және жүру қауіпсіздігі | 6 | 6 | |
| 3 | Автокөлікті жүргізу * | | | |
| | Сынақ: | | | |
| 1 | Алғашқы медициналық көмек көрсету | 2 | 2 | |
| | БАРЛЫҒЫ: | 100 | 87 | 13 |
| | Автокөлікті жүргізу * * | 20 | | |

*Автокөлікті жүргізу бойынша емтихан автокөлікті жүргізуге бөлінген уақыт есебінен өткізіледі.

** Көлік жүргізу оқу уақытынан тыс 20 сағат ауқымында жүргізіледі.

Тақырыптық жоспар және "Құрылғы және техникалық қызмет көрсету" пәнінің бағдарламасы

| Р/с № | Бөлім мен тақырып атауы | Сағат саны |
|---|---|---|
| 1-тарау. Кіріспе | | |
| 1 | Автокөліктің жіктелуі мен жалпы құрылымы | 1 |
| 2-тарау. Қозғалтқыш | | |
| 2 | Жалпы қозғалтқыш құрылымы мен жұмысы | 1 |
| 3 | Салқындату жүйесі | 0,5 |
| 4 | Қуат беру жүйесі | 0,5 |
| 5 | Төмен температурада қозғалтқышты іске қосу | 1 |
| 3-тарау. Электр жабдығы | | |
| 6 | Автокөліктің электр жабдығы туралы негізгі мәліметтер | 1 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 4-тарау. Трансмиссия | | |
| 7 | Жалпы трансмиссия құрылымы мен арналуы | 0,5 |
| 8 | Ілініс | 0,5 |
| 9 | Беріліс қорабы , таратқыш қорап, қуатты іріктеу қорабы | 0,5 |
| 10 | Кардан берілісі және басты беріліс . Жетекші аралық | 0,5 |
| 5-тарау. Негізгі жүйе | | |
| 11 | Шанақ. Автокөліктің жүріс бөлігі Алдыңғы және артқы аспа | 0,5 |
| 6-тарау. Автокөлікті басқару жүйесі | | |
| 12 | Тежегіш жүйесі* | 0,5 |
| 13 | Басқару рулінің жүйесі* | 0,5 |
| 7-тарау. Техникалық қызмет көрсету негіздері | | |
| 14 | Пайдалану материалы және оның шығыс нормалары | 0,5 |
| 15 | Автокөлікті бақылап тексеру және күнделікті қызмет көрсету * | 1 |
| | БАРЛЫҒЫ: | 10 |

*Бұл тақырыптар практикалық сабақта оқу-жаттығу автокөлігінде зерттеледі.

2. Диспетчерлік пункттің орналасуы автоайлақтағы жағдайды шолып бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

3. Диспетчерлік пунктте автоайлақ жүйесінің элементі ретінде пункттің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, жүргізуші болуға кандидаттың әрекетін көрсететін компьютермен, монитормен, практикалық емтихан тапсыру туралы емтихан парағын басып шығаратын принтермен, дауыс зорайтқыш байланыспен жарақтандырылған автоматтандырылған жұмыс орындары орналастырылады.

4. Диспетчерлік пункттің жабдығын электрмен қуаттандыру қорғау және тұрақтандыру жүйесімен жарақтандырылады.

5. "А" санатына практикалық емтиханның сынақ жаттығуы аймағын жабдықтау кезінде:

1) сынақ жаттығуы учаскесінің шекарасын айқындайтын таңба сызығы жарқырағыш сары түспен белгіленеді;

2) бақылау сызығымен белгіленген жерлерді қоспағанда, жүріс бөлігінің шеті жарқырағыш ақ түспен белгіленеді;

3) сынақ жаттығуын орындау басталатын және аяқталатын сызық, сондай-ақ беріліс қорабын ауыстырып қосу аймағы шекарасының сызығы жарқырағыш сары түспен белгіленеді;

4) "Сөре", "Тоқта" және "Мәре" сызығы тиісті көрсеткішпен белгіленеді.

6. "В", "В1", "С", "С1", "Ғ", "D" және "D1" санатына (кіші санатына) практикалық емтиханның бірінші кезеңдегі сынақ жаттығуы аймағын жабдықтау кезінде:

1) бақылау сызығы, сондай-ақ бордюр бойындағы жүріс бөлігінің шеті сары түсті 1.4 жол таңбасымен белгіленеді, басқа жерде жүріс бөлігінің шеті ақ түсті 1.2 жол таңбасымен белгіленеді;

2) жол жүру жолағының ені (№ 4 "90 градусқа бұрылыс", № 5 "Ирек", № 6 "Кері бұрылу және тұраққа қою", № 7 "Артқа жүріп параллельді тұраққа қою" жаттығуларын орындау аймағын қоспағанда) 1.2 немесе 1.4 таңба сызығымен шектеледі және ұзындығы кемінде 3,0 м болуға тиіс. 1.2 немесе 1.4 таңба сызығынан бордюрдің ішкі шетіне дейінгі қашықтық кемінде 0,2 м болуға тиіс;

3) сынақ жаттығуының басталу және аяқталу сызығы жарқырағыш сары түспен белгіленеді;

4) "Сөре", "Тоқта" және "Мәре" сызығы тиісті көрсеткішпен белгіленеді;

5) "Сөре" № 1 жаттығу аймағында сөре сызығынан кейін 2,0 – 10,0 метр қашықтықта 3.24 "Ең жоғары жылдамдықты шектеу" жол белгісі (сағатына 20 километр) орнатылады;

6) "Көтерілу кезінде тоқтау және қозғалысты бастау" № 2 жаттығу аймағында:

автоайлақтың еңісті учаскесінің 8 %-дан 16 %-ға дейінгіні қоса алғандағы шекте бойлық көлбеуі болуға тиіс. Жолтабан эстакадасын пайдалануға жол берілмейді;

жолдың жүріс бөлігінің әр жағынан "Көтерілу кезінде тоқтау және қозғалысты бастау" жаттығу аймағы Қазақстан Республикасы ұлттық стандартының талаптарына сәйкес биіктігі кемінде 0,5 метр және қалыңдығы кемінде 0,4 метр қорғаныш қабырғамен (бөгетпен) қоршалады;

көтерілу басталғаннан кейін 1,0 метр қашықтықта ені 0,3 метр болатын жаттығуды орындауды бекіту сызығы салынады. Көтерілудің соңына дейін 1,0 метр қашықтықта ені 0,4 метр "Тоқта" сызығы салынады. Көтерілу басталғанға дейін 3,0 метр қашықтықта 1.13 "Тік көтерілу" жол белгісі, ал түсу басталғанға дейін3,0 метр қашықтықта 1.14 "Тік түсу" жол белгісі орнатылады;

7) "Жаяу жүргіншілер өтпесінен өту" № 3 жаттығу аймағында 1.14.1 (1.14.2) жол таңбасынан кемінде 1,0 метр қашықтықта "Тоқта" сызығы салынады. Жаяу жүргіншілер өтпесінің шекарасынан кемінде 1,0 метр қашықтықта 5.16.1 және 5.16.2 " Жаяу жүргіншілер өткелі" жол белгілері орнатылады;

8) "90 градусқа бұрылу" № 4 жаттығу аймағында жаттығуды орындауды бастау сызығына дейін 1.11.1 (1.11.2) "Қауіпті бұрылыс" жол белгісі орнатылады, жаттығуды орындауды аяқтау сызығынан кейін жол жүрісін ұйымдастыру схемасына байланысты тиісті нұсқау беретін жол белгісі (4.1.1 – 4.1.6) орнатылады;

9) "Ирек" № 5 жаттығу аймағында жаттығуды орындауды бастау сызығына дейін 1.12.1 (1.12.2) "Қауіпті бұрылыс" жол белгісі, жаттығуды орындауды аяқтау сызығынан кейін басымдық беретін тиісті жол белгілері және (немесе) жол жүрісін ұйымдастыру схемасына байланысты нұсқау беретін жол белгілері орнатылады;

10) "Кері бұрылу және тұраққа қою" № 6 жаттығу аймағында тікелей жаттығуды орындаудың басталуы мен аяқталуы сызығы жанынан басымдық беретін тиісті жол белгілері және (немесе) нұсқау беретін жол белгілері орнатылады;

11) "Артқа жүріп параллельді тұраққа қою" № 7 жаттығу аймағында тікелей жаттығуды орындау аймағы алдында 5.15) "Тұрақ орны" жол белгісі орнатылады. Жаттығуды орындау аймағынан шығатын жерде жол жүрісін ұйымдастыру схемасына байланысты басымдық беретін тиісті жол белгілері және (немесе) нұсқау беретін жол белгілері орнатылады;

12) "Реттелетін жол қиылысынан өту" № 8 жаттығу аймағында:

қиылыста бұрылу радиусы "B" санаты үшін – 4,0 метрден астам; "C", "C1", "D", "D1 " санаты (кіші санаты) үшін – 6,0 метрден астам болуға тиіс;

бағдаршам жол қиылысының төрт жағынан орнатылады;

13) жол қиылысының төрт жағында 1.14.1 (1.14.2) жол таңбасы салынады. Жаяу жүргіншілер өтпесіненкемінде 1,0 метр қашықтықта ені 0,4 метр 1.12 жол таңбасы салынады. 1.12 жол таңбасына дейін кемінде 1,0 метр қашықтықта жол жүрісін ұйымдастыру схемасына байланысты нұсқау беретін жол белгілері орнатылады;

14) "Реттелмейтін теміржол өтпесінен өту" № 9 жаттығу аймағында теміржол өтпесіне дейін кемінде 2 метр қашықтықта ені 0,4 метр 1.2 жол таңбасы салынады. Теміржол өтпесі алдында 1.2, 1.3.1, 2.5 жол белгілері орнатылады. Теміржол өтпесінің жеке элементтерін имитациялауға жол беріледі;

15) "Жылдамдық алу жолағы" № 10 жаттығу аймағында жүретін бөліктің тік учаскесі 4.7 "Ең аз жылдамдықты шектеу" (сағатына 20 километр) және 3.24 "Ең жоғары жылдамдықты шектеу" (сағатына 20 километр) жол белгілерімен жабдықталады, жылдамдық алу және баяу жүру үшін арналған ұзындығы 40 метр жол бөлігі белгіленеді;

16) "Авариялық аялдау" № 11 жаттығу аймағы басқа жаттығуды орындау аймағынан тыс қамтамасыз етіледі;

17) "Мәре" № 12 жаттығу аймағында мәре сызығына дейін 5 – 10 метр қашықтықта 5.15 "Тұрақ орны" жол белгісі орнатылады, мәре сызығынан кейін көлік құралын тұраққа қою үшін тиісті орын жабдықталуға тиіс.

7. "BE", "CE", "C1E" "DE", "D1E" санатына (кіші санатына) практикалық емтиханның бірінші кезеңдегі сынақ жаттығуы аймағын жабдықтау кезінде:

1) бақылау сызығы 1.4 жол таңбасымен белгіленеді;

2) сынақ жаттығуын орындауды бастау және аяқтау сызығы жарқырағыш сары түспен белгіленеді;

3) "Сөре" және "Мәре" сызықтары тиісті көрсеткішпен белгіленеді.

Әскери қызметшілерді көлік
құралдарын басқаруға даярлау,
емтихандар қабылдау және
Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріне, басқа
да әскерлері мен әскери
құралымдарына тиесілі көлік
құралдарын басқару құқығын
беретін әскери қызметшілердің
жүргізуші куәліктерін
беру қағидаларына
6-қосымша

нысан

**Практикалық емтихан тапсырудың емтихан парағы**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Тегі__________ | Аты________ | Әкесінің аты (бар болса)_ __________ | Айыппұл балы |
| | | | |
| Туған күні________ | Санаты ______ | Емтихан тапсырған күні | Балл шәкілі |
| | | | |

| | |
|---|---|
| Қозғалысты бастау | |
| Қозғалысты бастауға дайындалу, басқа көлік құралына қатысты мұқият болу | 5 |
| 1. Ескерту сигналын уақтылы қосу және беру | 5 |
| Артқы көрініс айнасын пайдалану | 5 |
| Екпін алу және бергішті ауыстырып қосу | 5 |
| 2. Тура қозғалу | 5 |
| Жүру бөлігіндегі дұрыс қалып | 20 |
| Қозғалыстың тиісті жылдамдығын сақтау: | |
| көлік құралының арасындағы аралық мен арақашықтықты таңдау | 10 |
| Осы бағыттағы қозғалыс үшін екі немесе одан да көп жолақты жолда маневр жасау | 5 |
| Ескерту белгілерін уақтылы қосу | 5 |
| 3. Тұрған көлік құралын, оның ішінде ортақ қолданыстағы және басқа да кедергіні айналып өту дұрыстығы | 5 |
| Бір жолақтан екінші жолаққа ауысудың дұрыстығы | 5 |
| Басқа да жолды пайдаланушылардың берген сигналына дұрыс ден қою | 5 |
| Реттелетін қиылыстан өту: | |
| Қиылысқа жақындаған кезде жолдың жай-күйін бағалау | 5 |
| 4. Қажет болған жағдайда ескерту сигналын беру | 5 |
| Қиылыстарда дұрыс тоқтау | 5 |
| Тоқтағаннан кейін орнынан жайлап қозғалу | 5 |
| Бағдаршамның немесе реттеушінің сигналын сақтау | 100 |
| Реттелмейтін қиылыстан өту:<br>Қиылысқа жақындаған кезде жағдайды бағалау, жол белгілерінің, таңбасының, басқа жол қозғалысына қатысушылар сигналының талаптарын ескеру | 5 |
| 5. Артықшылық берілген өту құқығын сақтау | 10 |
| Қиылысқа жақындаған кездегі және жаяу жүргіншілер өтпесінен өту кезіндегі жылдамдық | 5 |
| Басып озу:<br>Басып озудың алдында жолдың жай-күйін бағалау | 10 |
| Жол белгілерінің, таңбасының, басқа жол қозғалысына қатысушылардың әрекетін ескеру | 5 |
| 6. Ескерту сигналын алдын ала беру | 10 |
| Нақты жағдайға қатысты басып озу кезіндегі жылдамдық режимі | 20 |
| Басып озуды бастау және аяқтау траекториясы, бұл ретте қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету. | 20 |
| Тоқтау:<br>Ескерту сигналын алдын ала беру және дұрыс орын ауыстыру | 5 |
| 7. Қозғалыс жылдамдығын жайлап түсіру | 5 |
| Тоқтағаннан кейін жүру бөлігінде (жол жиегі) автокөліктің дұрыс орналасуы | 5 |
| Авариялық жағдайды туындату | 100 |
| 8. Айыппұл балының жиынтығы<br>Емтихан тапсыру нәтижесі тапсырды/тапсырған жоқ | |

Уәкілетті адамның қолы

20__ж. "__"______ ______________________________
(Т.А.Ә. (бар болса), қолы 20__ж. "__"_______

______________________________

(Т.А.Ә. (бар болса), қолы

Әскери қызметшілерді көлік
құралдарын басқаруға даярлау,
емтихандар қабылдау және
Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріне, басқа
да әскерлері мен әскери
құралымдарына тиесілі көлік
құралдарын басқару құқығын
беретін әскери қызметшілердің
жүргізуші куәліктерін
беру қағидаларына
7-қосымша

**Сынақ жаттығуларының тізбесі**

1. Әскери қызметшінің "А" санатындағы көлік құралын басқару құқығын алуға практикалық емтиханды тапсыруы кезінде мынадай сынақ жаттығулары орындалады:

1) № 1 "Сөре" жаттығуы

Жаттығуды орындауды бастар алдында әскери қызметші мотошлемді киіп бекітеді, артқы көріну айнасын реттейді, сөре алдындағы аймақта мотоциклге отырады, қозғалтқышты іске қосады, жақын фара шамын қосады, "Сөре" сызығының алдында бастапқы күйде тұрып, қозғалуға дайындалады, сол жақ бұрылыс сигналын қосып, сөреге дайын екенін растайды.

"Сөре" командасы бойынша әскери қызметші 20 секунд ішінде қозғалуды бастайды, сол жақ бұрылыс сигналы қосулы күйде "Сөре" сызығын кесіп өтеді және белгіленген қозғалыс жолағы бойынша қозғалып келе жатып, жаттығуды орындау аяқталатын сызықты кесіп өткенге дейін сол жақ бұрылыс сигналын сөндіреді.

2) № 2 "Габариттік дәліз" жаттығуы

Әскери қызметші жаттығуды орындау кезінде дөңгелегімен бақылау сызығын баспай және алаңның бетіне аяғын тигізбей, "Габариттік дәлізбен" қозғалады.

3) № 3 "Реттелетін қиылыстан өту" жаттығуы

Жаттығуды орындау кезінде әскери қызметші тиісті белгі бойынша бағытта бағдаршам сигналының талаптарын сақтай отырып, реттелетін қиылыстан өтеді.

Солға (оңға) бұрылуды орындаған кезде алдын ала бұрылыс көрсеткіші қосылады.

Бағдаршамның рұқсат етілген сигналы кезінде қиылыстан өту уақыты 20 секундтан аспауға тиіс.

4) № 4 "Реттелмеген теміржол өткелінен өту" жаттығуы

Әскери қызметші теміржол өтпесіндегі "Тоқта" сызығы алдында көлік құралын тоқтатады және тоқтағаннан кейін кемінде 3 секундтан ерте емес қозғалысты жалғастырады.

5) № 5 "Габариттік жарты шеңбер" жаттығуы

Әскери қызметші жаттығуды орындау кезінде алдын ала жаттығуды орындауды бастау сызығын кесіп өткенге дейін сол жақ бұрылу сигналын қосады, дөңгелегімен бақылау сызығын баспай және алаң бетіне аяғын тигізбей, "Габариттік жарты шеңбер" траекториясы бойынша қозғалады, жаттығуды орындау сызығын кесіп өткенге дейін сол жақ бұрылыс сигналын сөндіреді.

6) № 6 "Тік көтерілу және төмен түсу" жаттығуы

Әскери қызметші көтерілетін және төмен түсетін учаскеде көлденең жазықтықта алдыңғы және артқы габариттер проекциясы жаттығуды орындауды бекіту сызығы мен "Тоқта" сызығы арасында орналасатындай етіп, көлік құралын тоқтатады. Көлікті қозғалмайтын күйде бекітеді және тоқтағаннан кейін кемінде 3 секундтан ерте емес көліктің артқа қарай жылжып кетуін болдырмай, тура бағытта қозғалысты жалғастырады.

7) № 7 "Габариттік сегіздік" жаттығуы

Әскери қызметші бақылау сызығын дөңгелекпен баспай және алаң бетіне аяғын тигізбей, оң жағындағы шеңбер арқылы, содан кейін сол жағындағы шеңбер арқылы өтіп, белгіленген траектория бойынша қозғалады.

8) № 8 "Реттелетін қиылыс аймағындағы жаяу жүргінші өтпесінен өту" жаттығуы

Әскери қызметші берілген бағыт бойынша бағдаршамның рұқсат етілген сигналы кезінде қиылыс аймағына кіреді және шығу кезінде көлік құралын 1.14.3 жол таңбасы алдында, оны алдыңғы габариттің проекциясы бойынша кесіп өтпей тоқтатады және тоқтағаннан кейін кемінде 3 секундтан ерте емес қозғалысты жалғастырады.

9) № 9 "Жолтабанды тақтай" жаттығуы

Әскери қызметші дөңгелегімен бақылау сызығын баспай және алаң бетіне аяғын тигізбей, жолтабанды тақтаймен қозғалады.

10) № 10 "Мәре" жаттығуы

Әскери қызметші жаттығуды орындау кезінде мәре сызығын кесіп өтер алдында оң жақ бұрылыс көрсеткішін қосады, көлік құралының габариті бойынша мәре сызығын кесіп өтіп, көлікті тоқтатады, оң жақ көрсеткішті сөндіреді, нейтралды беріліске қояды, жақын фараның шамын сөндіріп, қозғалтқышты өшіреді, жаяу жүреді және көлік құралын орталық тұғырыққа немесе бүйірдегі тіреуге (трицикл мен квадроциклді қоспағанда) қояды.

2. Әр жаттығуды орындау шарттары мен сынақ жаттығуларын орындаудың жалпы шарттары сақталмаған кезде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес бақылау кестесі бойынша айыппұл балы есептеледі.

Авариялық жағдай туындаған кезде емтиханды өткізу тоқтатылады, ал нәтиже жойылады.

3. "B", "C", "D", "Ғ", санаттары және "C1", "D1" кіші санаттары бойынша көлік құралын басқару құқығын алуға практикалық емтихан тапсыру кезінде мынадай сынақ жаттығуы орындалады:

1) № 1 "Сөре" жаттығуы

Жаттығуды орындауды бастар алдында әскери қызметші артқы көріну айнасы мен отырғышты реттеуге, қауіпсіздік белдігін (бар болса) тағуға, қозғалтқышты іске қосуға, сол жақ бұрылыс сигналын қосып, сөреге дайын екенін растауға тиіс.

"Сөре" командасынан кейін әскери қызметші 20 секунд ішінде қозғалысты бастауға, сол жақ бұрылыс сигналы қосулы күйде көлік құралының габариті бойынша көлденең жазықтықта "Сөре" жолағын кесіп өтуге, "Сөре" жолағын кесіп өткеннен кейін 10 метрден аспайтын учаскеде сол жақ бұрылыс сигналын сөндіруге тиіс.

2) № 2 "Тік көтерілу және төмен түсу" жаттығуы

Әскери қызметші көлденең жазықтыққа көлік құралының алдыңғы және артқы габаритінің проекциясы жаттығуды орындауды бекіту сызығы мен "Тоқта" сызығы арасында болатындай етіп көтерілу және төмен түсу учаскесінде көлік құралын тоқтатады, көлік құралын қозғалмайтын күйде бекітеді және тоқтағаннан кейін 3 секундтан ерте емес тура бағытта қозғалысын жалғастырады, бұл ретте көлік құралының кері жылжып кетуіне жол бермейді.

3) № 3 "Реттелетін қиылыс аймағында жаяу жүргіншілер өтпесінен өту" жаттығуы.

Жаттығуды орындау кезінде әскери қызметші берілген бағыт бойынша бағдаршамның рұқсат етілген сигналы кезінде жол қиылысы аймағына кіруді жүзеге асырады және жол қиылысынан шыққан кезде көлік құралын көлік құралының алдыңғы габаритінің проекциясы бойынша кесіп өтпей, 1.14.3 жол таңбасының алдында тоқтатады және тоқтағаннан кейін 3 секундтан ерте емес қозғалысын жалғастырады.

4) № 4 "Реттелмейтін жол қиылысындағы бұрылыстар" жаттығуы

Әскери қызметші 2 минуттан аспайтын уақыт ішінде дөңгелегімен бақылау сызығын баспай, сол және оң бұрылыстармен жол учаскесінен өтеді.

5) № 5 "Кері бұрылу және тұраққа қою" жаттығуы

Әскери қызметші дөңгелегімен бақылау сызығын баспай, 2 минуттан аспайтын уақыт ішінде көлік құралын көлік құралының артқы дөңгелектері жаттығуды орындауды бекіту сызығында болатындай немесе оны кесіп өтетіндей етіп, тұрақ орнына артқа жүрумен қоюға, содан кейін кері бағытта шығуы тиіс.

6) № 6 "Артқа жүрумен қатар қою" жаттығуы

Әскери қызметші дөңгелегімен бақылау сызығын баспай, 2 минуттан аспайтын уақыт ішінде артқа жүрумен көлік құралын алдыңғы және артқы оң жақ дөңгелегі

жаттығуды орындауды бекіту сызығында болатындай етіп, тұрақ орнына қоюға, содан кейін тұрақ орнынан шығуға тиіс.

7) № 7 "Реттелетін жол қиылысынан өту" жаттығуы

Әскери қызметші тиісті нұсқамалық белгі бағыты бойынша бағдаршам сигналының талаптарын сақтай отырып, реттелетін жол қиылысынан өтеді.

Бағдаршамның тыйым салатын сигналы қосылған кезде көлік құралын "Тоқта" сызығы алдында тоқтатады. Бағдаршамның рұқсат беру сигналы қосылған кезде берілген бағытта жол қиылысынан өтеді.

Сол (оң) жаққа бұрылуды орындау кезінде тиісті бұрылыс көрсеткіші алдын ала қосылады.

Егер кептеліс болса, жол қиылысына шығуға тыйым салынады.

№ 8 "Реттелмейтін теміржол өткелінен өту" жаттығуы

Әскери қызметші теміржол өткеліндегі "Тоқта" сызығының алдында көлік құралын тоқтатуға, тоқтағаннан кейін 3 секундтан ерте емес жүруді жалғастыруға тиіс.

9) № 9 "Аварриялық аялдау" жаттығуы

Көлік құралының салонында жарық және (немесе) дыбыстық сигнал қосылғаннан кейін әскери қызметші 2 секунд ішінде көлік құралын тоқтатуға, 3 секунд ішінде авариялық жарық дабылын қосуға тиіс. Арнайы сигнал (қызыл маяк) өшірілгеннен кейін әскери қызметші авариялық жарық дабылдамасын өшіріп, қозғалысты жалғастыруға тиіс.

10) № 10 "Мәре" жаттығуы

Жаттығуды орындау кезінде "Мәре" сызығын кесіп өтер алдында әскери қызметші оң жақ бұрылыс көрсеткішін қосады, көлік құралы габаритінің проекциясы бойынша мәре сызығын кесіп өтеді, көлік құралын белгіленген жерде тоқтатады.

4. Әрбір жаттығуды орындау шарттары мен сынақ жаттығуларын орындаудың жалпы шарттары сақталмаған кезде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес бақылау кестесі бойынша айыппұл балы есептеледі.

Авариялық жағдай туындаған кезде емтиханды өткізу тоқтатылады, ал нәтиже жойылады.

5. "BE", "CE", "DE", санатындағы және "C1E", "D1E" кіші санаттарындағы көлік құралын басқару құқығын алуға практикалық емтихан тапсыру кезінде мынадай сынақ жаттығулары орындалады:

1) № 1 "Сөре"жаттығуы

Жаттығуды орындауды бастар алдында автопоезд сынақ жаттығуларын орындау аймағында орналасқан "Сөре-мәре" сызығының бірінде болуға тиіс.

Әскери қызметші артқы көріну айнасы мен отырғышты реттеп, қауіпсіздік белдігін (бар болса) тағып қозғалысқа дайындалуға тиіс, қозғалтқышты іске қосады, солға

бұрылу сигналын қосып бастауға сөреге дайын екені растайды, бұл ретте механикалық қораптың бергіштерді ажыратып-қосу тұтқасы нейтралды қалыпта болуға тиіс ( автоматты трансмиссия үшін – "Р" қалпында).

"Сөре" командасы бойынша әскери қызметші 20 секунд ішінде артқы жүрумен қозғалысты бастауға, жаттығуды орындауды аяқтау сызығын көлік құралының алдыңғы дөңгелегімен кесіп өткенге дейін солға бұрылу сигналын өшіруге тиіс.

2) № 2 "Платформаға артқы бортымен қою" жаттығуы

Жаттығуды орындау кезінде әскери қызметші дөңгелегімен бақылау сызығын баспай, 2 минуттан аспайтын уақытта көлік құралының артқы дөңгелегі жаттығуды орындауды бекіту сызығында тұратындай немесе оны кесіп өтетіндей етіп, артқа жүрумен тиеу платформасын имитациялайтын "Габариттік дәлізге" кіруді жүзеге асыруға тиіс.

3) № 3 "Платформадан жол учаскесіне шығу" жаттығуы

Әскери қызметші жаттығуды орындау кезінде дөңгелегімен бақылау сызығын баспай, тиеу платформасын имитациялайтын "габариттік дәлізден" қарама-қарсы бағытқа шығуды жүзеге асыруға және көлік құралын "Сөре-мәре" сызығын кесіп өтпей, оған дейін 1 метрден алыс емес тоқтатуға тиіс.

4) № 4 "Габариттік дәлізде артқа жүрумен түзу сызықпен қозғалу" жаттығуы

Әскери қызметші жаттығуды орындау кезінде дөңгелегімен бақылау сызығын баспай, тиеу платформасын имитациялайтын "Габариттік дәлізде" артқа жүрумен қозғалысты жүзеге асыруға және көлік құралын "Сөре-мәре" сызығын кесіп өтпей, оған дейін 1 метрден алыс емес тоқтатуға тиіс.

5) № 5 "Мәре" жаттығуы

"Габариттік дәлізден" шыққаннан кейін әскери қызметші жаттығуды орындауды бастау сызығын кесіп өткенге дейін оң жаққа бұрылу көрсеткішін қосуға, көлік құралын оны кесіп өтпей, "Сөре-мәре" сызығына дейін 1 метрден алыс емес жерде тоқтатуға, оң жаққа бұрылу көрсеткішін сөндіруге, нейтралды бергішті қосуға ( автоматты трансмиссия бар болса, "Р" қалпында трансмиссия режимін басқару органын белгілеу), тұрақ тежегішін қосуға қауіпсіздік белдігін шешуге, көлік құралынан шығуға тиіс.

6. Әрбір жаттығуды орындау шарттары мен сынақ жаттығуларын орындаудың жалпы шарттары сақталмаған кезде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес бақылау кестесі бойынша айыппұл балы есептеледі.

Авариялық жағдай туындаған кезде емтиханды өткізу тоқтатылады, ал нәтиже жойылады.

Әскери қызметшілерді көлік
құралдарын басқаруға даярлау,
емтихандар қабылдау және
Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріне, басқа

да әскерлері мен әскери
құралымдарына тиесілі көлік
құралдарын басқару құқығын
беретін әскери қызметшілердің
жүргізуші куәліктерін
беру қағидаларына
8-қосымша

## "A" санатына практикалық емтихан тапсыру кезінде есептелетін айыппұл балы

Бақылау кестесі (Сөре)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| "Сөре" сигналынан кейін 30 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ | 100 |
| "Сөре" сигналынан кейін 20 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ | 25 |
| "Сөре" сызығын өшірулі сол жаққа бұрылу көрсеткішімен кесіп өтті | 10 |
| "Сөре" сызығын өшірулі жақын жарық фарымен кесіп өтті | 10 |
| Жаттығуды аяқтау сызығын кесіп өткенге дейін сол жаққа бұрылу көрсеткішін өшірген жоқ | 10 |

Бақылау кестесі (Габаритті дәліз)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Алаңның бетіне аяғы тиді | 100 |
| Бақылау сызығын дөңгелекпен басты | 25 |

Бақылау кестесі (Реттелетін қиылыстан өту)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Бағдаршамның тыйым салатын сигналында қиылысқа шығып кетті немесе "Тоқта" сызығын кесіп өтті | 100 |
| Бағдаршамның рұқсат ететін сигналында қиылысты кесіп өтуге 30 секундтан астам уақыт кетті | 100 |
| Бағдаршамның рұқсат ететін сигналында қиылысты кесіп өтуге 20 секундтан астам уақыт кетті | 20 |
| Қиылысты кесіп өткен кезде оңға немесе солға бұрылуға сәйкес көрсеткішін қосқан жоқ | 5 |

Бақылау кестесі (Реттелмейтін теміржол өтпесінен өту)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| "Тоқта" сызығын басты немесе оны тоқтағанға дейін кесіп өтті | 25 |
| Тоқтағаннан кейін қозғалысты 3 секунд ерте бастап кетті | 25 |

Бақылау кестесі (Габаритті жартылай шеңбер)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Алаңның бетіне аяғы тиді | 100 |
| | |

| | |
|---|---|
| Бақылау сызығын дөңгелекпен басты | 25 |
| Жаттығуды орындауды бастау сызығын өшірулі сол жаққа бұрылу сигналымен кесіп өтті | 10 |
| Жаттығуды орындауды аяқтау сызығын өшірулі сол жаққа бұрылу сигналымен кесіп өтті | 10 |

## Бақылау кестесі (Тік көтерілу және төмен түсу)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Көлік құралын тоқтату кезінде жаттығуды орындауды бекіту сызығын көлік құралы габаритінің артқы проекциясы бойынша кесіп өткен жоқ немесе "Тоқта" сызығын кесіп өтті | 25 |
| Тоқтағаннан кейін қозғалысты 3 секунд ерте бастады | 25 |
| Тоқтағаннан кейін қозғалысты 30 секунд ішінде бастаған жоқ | 25 |
| Тоқтағаннан кейін немесе қозғалысты бастағанға дейін 0,2 метрден артық шамада көлік құралы " жылжып кетті" | 25 |

## Бақылау кестесі (Габариттік сегіздік)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Алаңның бетіне аяғымен тиді | 100 |
| Бақылау сызығын дөңгелекпен басты | 25 |
| Қозғалыстың белгіленген траекториясынан ауытқыды | 25 |

## Бақылау кестесі (Реттелетін қиылыс аймағында жаяу жүргіншілер өтпесінен өту)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| 1.14.3 жол таңбасын басты немесе тоқтаған кезде оны кесіп өтті | 25 |
| Тоқтағаннан кейін 3 секунд ерте қозғалысты бастады | 25 |
| Тоқтағаннан кейін 30 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ | 25 |

## Бақылау кестесі (Жолтабан тақтасы)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Алаңның бетіне аяғымен тиді | 100 |
| Бақылау сызығын дөңгелекпен басты | 25 |

## Бақылау кестесі (Мәре)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Мәре сызығын кесіп өткенге дейін оң жақ бұрылу көрсеткішін қосқан жоқ | 10 |

## Бақылау кестесі

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Нақты автоайлақ үшін белгіленген сынақ жаттығуын орындаудың жалпы уақытынан асып кетті | 100 |

| | |
|---|---|
| Кешенде көзделген сынақ жаттығуының ең болмаса біреуін орындаған жоқ | 100 |
| Басқа көлік құралымен соқтығысты немесе кедергіге соғылды | 100 |
| Сынақ жаттығуын орындау кезінде қозғалтқыш өшіп қалды | 20 (әрбір қателік үшін) |
| Қозғалыс жылдамдығын сағатына жиырма километрден асырды | 5 (жылдамдықты арттырған қозғалыстың әрбір 5 секунды үшін) |

Әскери қызметшілерді көлік
құралдарын басқаруға даярлау,
емтихандар қабылдау және
Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріне, басқа
да әскерлері мен әскери
құралымдарына тиесілі көлік
құралдарын басқару құқығын
беретін әскери қызметшілердің
жүргізуші куәліктерін
беру қағидаларына
9-қосымша

## "B", "C", "D", "Ғ", "C1", "D1" санатына (кіші санатына) практикалық емтихан тапсыру кезінде есептелетін айыппұл балы

Бақылау кестесі (Сөре)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| "Сөре" сигналынан кейін 30 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ | 100 |
| "Сөре" сигналынан кейін 20 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ | 25 |
| Қауіпсіздік белдігін таққан жоқ | 5 |
| "Сөре" сызығын өшірулі сол жаққа бұрылу көрсеткішімен кесіп өтті | 5 |
| "Сөре" сызығынан кейін 10 метрден аспайтын аумақта сол жаққа бұрылу көрсеткішін өшірген жоқ | 5 |

Бақылау кестесі (Тік көтерілу және төмен түсу)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Көлік құралын тоқтату кезінде жаттығуды орындауды бекіту сызығын көлік құралы габаритінің артқы проекциясы бойынша кесіп өткен жоқ немесе "Тоқта" сызығын кесіп өтті | 25 |
| Тоқтағаннан кейін қозғалысты 3 секунд ерте бастады | 25 |
| Тоқтағаннан кейін қозғалысты 30 секунд ішінде бастаған жоқ | 25 |
| Тоқтағаннан кейін немесе қозғалысты бастағанға дейін 0,2 метрден артық шамада көлік құралы " жылжып кетті" | 20 |

## Бақылау таблицасы (Реттелетін қиылыс аймағында жаяу жүргіншілер өтпесінен өту )

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| 1.14.3 жол таңбасын басты немесе тоқтаған кезде оны кесіп өтті | 25 |
| Тоқтағаннан кейін қозғалысты 3 секунд ерте бастады | 25 |
| Тоқтағаннан кейін 30 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ | 25 |

## Бақылау кестесі (Реттелмейтін қиылыстарда бұрылу)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Бақылау сызығын дөңгелекпен басты | 20 |
| Жаттығуды орындауға 2 минуттан артық уақыт жұмсады | 15 |

## Бақылау кестесі (Айналу және тұраққа қою)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Көлік құралының артқы дөңгелегімен жаттығуды орындауды бекіту сызығына тиген жоқ | 20 |
| Бақылау сызығын дөңгелекпен басты | 20 |
| Жаттығуды орындауға 2 минуттан артық уақыт жұмсады | 15 |

## Бақылау кестесі (артқа жүрумен қатар тұраққа қою)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Көлік құралын жаттығуды орындауды бекіту сызығына оң жақ алдыңғы және артқы дөңгелегімен қойған жоқ | 20 |
| Бақылау сызығын дөңгелекпен басты | 20 |
| Жаттығуды орындауға 2 минуттан артық уақыт жұмсады | 15 |

## Бақылау кестесі (Реттелетін қиылыстан өту)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Бағдаршамның тыйым салынған сигналында қиылысқа шығып кетті немесе "Тоқта" сызығын кесіп өтті | 100 |
| Бағдаршамның рұқсат етілген сигналында қиылысты кесіп өтуге 30 секундтан астам уақыт кетті | 100 |
| Бағдаршамның рұқсат етілген сигналында қиылысты кесіп өтуге 20 секундтан астам уақыт кетті | 20 |
| Қиылысты кесіп өткен кезде оңға немесе солға бұрылумен көрсеткішін қосқан жоқ | 5 |

## Бақылау кестесі (Реттелмейтін теміржол өтпесінен өту)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| | |

| | |
|---|---|
| "Тоқта" сызығын басты немесе оны тоқтағанға дейін кесіп өтті | 25 |
| Тоқтағаннан кейін қозғалысты 3 секунд ерте бастап кетті | 25 |

Бақылау кестесі (Аварриялық тоқтау)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Көлік құралының салонында жарық және/немесе дыбыс сигналы қосылғаннан кейін 2 секунд ішінде көлік құралын тоқтатқан және/немесе тоқтағаннан кейін 3 секунд ішінде аварриялық жарық сигналын қосқан жоқ | 20 |
| Қозғалысты бастамас бұрын аварриялық жарық сигналын өшірген жоқ | 10 |

Бақылау кестесі (Мәре)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Мәре сызығын кесіп өткенге дейін оң жақ бұрылу көрсеткішін қосқан жоқ | 5 |

Бақылау кестесі

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Сынақ жаттығуын орындаудың жалпы уақытынан асып кетті | 100 |
| Кешенде көзделген сынақ жаттығуының ең болмаса біреуін орындаған жоқ | 100 |
| Басқа көлік құралымен соқтығысты немесе кедергіге соғылды | 100 |
| Сынақ жаттығуын орындау кезінде қозғалтқыш өшіп қалды | 20 (әрбір қателік үшін) |
| Қозғалыс жылдамдығын сағатына жиырма километрден асырды | 5 (жылдамдықты арттырған қозғалыстың әрбір 5 секунды үшін) |

Әскери қызметшілерді көлік құралдарын басқаруға даярлау, емтихандар қабылдау және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тиесілі көлік құралдарын басқару құқығын беретін әскери қызметшілердің жүргізуші куәліктерін беру қағидаларына
10-қосымша

## "CE", "C1E", "DE", "D1E" санатына (кіші санатына) практикалық емтихан тапсыру кезінде есептелетін айыппұл балы

Бақылау кестесі (Сөре)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|

| | |
|---|---|
| "Сөре" сигналынан кейін 30 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ | 100 |
| "Сөре" сигналынан кейін 20 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ | 25 |
| Қауіпсіздік белдігін таққан жоқ | 5 |
| Жаттығуды орындауды аяқтау сызығын көлік құралының алдыңғы дөңгелегімен кесіп өткенге дейін сол жаққа бұрылу көрсеткішін өшірген жоқ | 5 |

Бақылау кестесі (Артқы бортымен платформаға қою)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Жаттығуды орындауды бекіту сызығына көлік құралының артқы дөңгелегі тиген жоқ | 100 |
| Бақылау сызығын дөңгелекпен басты | 25 |
| Жаттығуды орындауға 2 минуттан артық уақыт жұмсады | 15 |

Бақылау кестесі (Платформадан жол учаскесіне шығу)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Бақылау сызығын дөңгелекпен басты | 20 |
| "Сөре-мәре" сызығын кесіп өтті | 5 |
| "Сөре-мәре" сызығына дейін 1 метрден артық арақашықтықта көлік құралын тоқтатты | 5 |

Бақылау кестесі (Габариттік дәлізде артқа түзу сызықпен жүру)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Бақылау сызығын дөңгелекпен басты | 20 |
| "Сөре-мәре" сызығын кесіп өтті | 5 |
| "Сөре-мәре" сызығына дейін 1 метрден артық арақашықтықта көлік құралын тоқтатты | 5 |

Бақылау кестесі (Мәре)

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| "Сөре-мәре" сызығын кесіп өтті | 5 |
| "Сөре-мәре" сызығына дейін 1 метрден артық арақашықтықта көлік құралын тоқтатты | 5 |
| Жаттығуды орындауды бастау сызығын кесіп өткенге дейін оң жаққа бұрылу көрсеткішін өшірген жоқ | 5 |

Бақылау кестесі

| Қателіктер | Айыппұл балы |
|---|---|
| Сынақ жаттығуын орындаудың жалпы уақытынан асып кетті | 100 |
| Кешенде көзделген сынақ жаттығуының ең болмаса біреуін орындаған жоқ | 100 |
| Сынақ жаттығуын орындау кезінде қозғалтқыш өшіп қалды | 20 (әрбір қателік үшін) |

Әскери қызметшілерді көлік
құралдарын басқаруға даярлау,

емтихандар қабылдау және
Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріне, басқа
да әскерлері мен әскери
құралымдарына тиесілі көлік
құралдарын басқару құқығын
беретін әскери қызметшілердің
жүргізуші куәліктерін
беру қағидаларына
11-қосымша
Нысан

________________
құжат жолданған адамның
лауазымы

**Өтінім**

Оқудан өткен және емтиханды сәтті тапсырған _________________
әскери бөлімінің (мекеменің) мынадай әскери қызметшілеріне (әскери қызметшісіне
)
әскери қызметшінің жүргізуші куәлігін беруіңізді сұраймын.

| Р/с № | Әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Лауазымы |
|---|---|---|
| | | |

**_____________________________ ________________________________________ (**
**өтінім беруге уәкілетті адамның лауазымы, әскери атағы, тегі, инициалы)**

Әскери қызметшілерді көлік
құралдарын басқаруға даярлау,
емтихандар қабылдау және
Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріне, басқа
да әскерлері мен әскери
құралымдарына тиесілі көлік
құралдарын басқару құқығын
беретін әскери қызметшілердің
жүргізуші куәліктерін
беру қағидаларына
12-қосымша



ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІНІҢ
ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІНІҢ
ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ

НБ 2025-00001

3*4 фото

1. ____________________
Тегі

2. ____________________
Аты

3. ____________________
Әкесінің аты (бар болса)

4. ____________________

5. Ұлттық жүргізуші куәлігі
Сериясы ______ № ____________________
Жарамдылық мерзімі ____________________
Рұқсат етілген санат

| A | B | C | D | F | BE | CE | DE | A1 | B1 | C1 | D1 | C1E | D1E |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Ерекше белгілер ____________________

6. ____________________

7. ____________________

8. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің
көлік құралын басқаруға жіберілген
(рұқсат етілген санат)

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

9. ____________________

10. ____________________

11. ____________________

12. ____________________

13. ____________________

Әскери қызметшілерді көлік
құралдарын басқаруға даярлау,
емтихандар қабылдау және
Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріне, басқа
да әскерлері мен әскери
құралымдарына тиесілі көлік
құралдарын басқару құқығын
беретін әскери қызметшілердің
жүргізуші куәліктерін

беру қағидаларына
13-қосымша

## Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тиесілі көлік құралын басқару құқығын беретін әскери қызметшінің жүргізуші куәлігін тіркеу журналы

| Р/с № | ә/б | ә/а | Т.А.Ә. | Ұлттық ЖК, нөмірі, рұқсат етілген санат | Әскери қызметшінің ауыстыруға жататын ЖК (бар болса), сериясы, нөмірі, рұқсат етілген санаты | Тестілеу нәтижесі туралы хаттама (нөмірі, күні) | Әскери қызметшіге берілетін ЖК (сериясы, нөмірі, рұқсат етілген санаты) | Беруді жүзеге асырған ӘПО уәкілетті адамының ә/а Т.А.Ә. | Алған күні | Алғаны туралы қолы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК